



## НӨМІР НӘЛІ

**71** Қызылорда қаласы бойынша қолайсыз отбасы санатына жатқызылған. Осынша жанұя тіркеуде тұр

## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:



## ҮНСІЗДІК ҮЛКЕН МӘСЕЛЕ

Отбасылық тұрмыстық зорлық -зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесінің инспекторы, полиция капитаны Айгүл Жетесқызымен сұхбатты 3-беттен оқи аласыздар.

3-бет

## «ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:  
8 705 982 76 61,  
8 777 752 54 63.

## ҚҰРЫЛТАЙ 23 тамыз



## ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

## 386 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ ЖҰМЫС ЖАСАЙДЫ

Президент Жарлығына сәйкес, 2026 жылғы 23 тамызда елімізде Құрылтай сайлауы өтеді. ҚР Орталық сайлау комиссиясы Құрылтай сайлауына арналған Күнтізбелік жоспарды бекітті. Жалпы науканды ұйымдастырудың ұзақтығы 54 күнді құрайды. 12 күн саяси партиялардың құжаттарын ұсынуға бекітілсе, 29 күн үгіт кезеңіне арналады.

– Қызылорда өңірінде 9 аумақтық, 386 учаскелік сайлау комиссиясы жұмыс жасайды. 9 аумақтық сайлау учаскесінде 63 комиссия мүшесі тұрақты түрде қызмет атқарса, 386 учаскеде 2720 сайлау комиссиясының мүшесі бар. Өңірдегі 386 учаскенің 132-і Қызылорда қаласында, қалғаны аудандарда. Аймақта 500 926 дауыс беруші азамат тізімге енгізілген. Тұрғындардың тізімі 2 тамызға дейін өзектендіріліп, тиісті учаскелерге ұсыналады. Әрі қарай учаскелер дауыс беруші азаматтар тізімімен жұмыс жүргізеді, -деді Қызылорда облысының аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Әділбек Ерсұлтанов. Құрылтай сайлауын өткізуге жауапты комиссия мүшелерін оқыту кезеңімен жүзеге асады.

«Ел тілегі» ақпарат

## ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2026 жылдың қантар-маусым айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері және республикалық бюджеттің орындалуы қаралды. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев секторлық режим арқылы қатысты. Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте өңірдің жартыжылдықтағы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері талқыланды.

Аймақта негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша оң динамика, өңдеу өнеркәсібінде 14 пайыздық өсім қалыптасқан. Инвестиция тарту бойынша Үкімет бекіткен 789 млрд. теңге меженің 43 пайызына қол жетті.

–Дегенмен бірқатар ауданда өнеркәсіп өндірісі, негізгі капиталға салынған инвестиция көлеміне қатысты жоспар орындалмаған. Салаға жетекшілік ететін жауапты басшылар, негізгі көрсеткіштерге талдау жасаңыздар.

Шілденің 1-індегі есеп бойынша облыс бюджетінің кірісі 111,9 пайыз орындалды. Республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер мен облыс бюджеті 100 пайыз толығымен игерілді. Осы ретте басқарма басшылары, қала және аудан әкімдері, жыл аяғына дейін қаржыны жиынтық жоспарға сәйкес толық игеру керек.

Елді мекендердің қала құрылысы жобаларына түзетулер енгізіліп, оларды цифрлық форматқа ауыстыруға 2024 жылы облыстық бюджеттен тиісті қаржы бөлінген. Бірақ бұл жұмыс баяу жүргізілуде. Аудан әкімдері облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасымен бірлесіп, жобаларға мемлекеттік сараптамааның оң қорытындысын алуы үйлестіріңіздер, – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Айта кетейік, бүгінде Қызылорда қаласының бас жоспарына өзгерістер енгізілуде. Мәжілісте қала аумағында салынып жатқан және салынуы жоспарланған



нысандарды ескере отырып, бас жоспардың жобасын жеделдетіп аяқтау, мемлекеттік сараптама қорытындысын 1 қазанға дейін алып, Үкімет қарауына енгізу тапсырылды.

Негізгі көрсеткіштерге келсек, облыста өнеркәсіп 2,4 пайыз, өңдеу өнеркәсібі 13,8, ауыл шаруашылығының өнімі 3,9, құрылыс жұмыстары көлемі 31,3, пайдалануға берілген

тұрғын үйлер көлемі 1,3, сауда көлемі 2,6, инвестиция тарту 7,1 пайыз артқан.

Бұдан бөлек, мәжілісте мерзімді әскерге шақыру науқанының қорытындысы және алдағы кезеңге дайындық барысы талқыланды. Жауапты мамандарға әскерге шақырылатын азаматтар тізімін

20 тамызға дейін жасап, қала, аудан әкімдіктеріне ұсыну, оларды шақыру пункттеріне толық жеткізу, әскерден жалтарушыларды іздеу, оқушыларды медициналық тексеруден өткізуге қатысты тапсырмалар берілді.

–Соңғы күндердегі ауа райы өрт қаупін күшейткендіктен, төтенше жағдайлар, орман шаруашылығы мекемелері толық дайын болуы тиіс. Төтенше жағдайлар департаменті жұмылдыру дайындығы басқармасымен бірлесіп, ахуалды күнделікті қатаң бақылауда ұстаныңдар.

Сондай-ақ суға шомылатын орындардағы, руқсат етілмеген су айдындарындағы рейтді күшейтіңіздер. Тұрғындарға түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, балалардың қауіпсіздігін қатаң бақылауға алыңыздар, – деді аймақ басшысы.

## МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛДІ

Қызылорда қаласы Полиция басқармасында жеке құрамның қатысуымен 2026 жылдың алғашқы алты айындағы жедел-қызметтік жұмыстың қорытындысы шығарылып, алдағы кезеңге арналған негізгі міндеттер айқындалды.

Кенеске Қызылорда облысы Полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Токтыбаев Серік Әбдімәуленұлы және Қызылорда қаласы Полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Беркімбаев Дәулет Сүлейменұлы төрағалық етті.

Жиын барысында басқарма бастығы Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі Ержан Саденовтің және Қызылорда облысы Полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Ерғешов Серік Жүрсінбайұлының тапсырмаларын жеке құрамға жеткізді.



Мемлекет басшысының бастамасымен 2026 жыл «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жарияланды. Бұл бастаманың негізгі мақсаты – құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын күшейту, қылмысқа себеп болатын факторларды ерте анықтап, тұрғындармен ашық әрі

нәтижелі жұмыс жүргізу.

Осыған байланысты полиция қызметкерлеріне елді мекендерді тұрақты аралау, тұрғындармен кездесулер өткізу, жастар арасында құқықтық түсіндіру жұмыстарын күшейту, сондай-ақ отбасылық-тұрмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытындағы жұмыстарды

жандандыру тапсырылды.

Кенес барысында басқарма бастығы 2026 жылдың алғашқы жартыжылдығында өңірдегі криминалдық ахуалдың тұрақты болғанын атап өтті. Нәтижесінде жалпы қылмыс деңгейі төмендеп, қоғамдық орындарда жасалған құқық бұзушылықтар, ұрлық, тонау және бұзақылық қылмыстарының саны азайғаны айтылды.

Жиын соңында басқарманың барлық қызметтері мен құрылымдық бөліністерінің басшыларына қала аумағында, оның ішінде шеткі елді мекендерде құқық бұзушылықтардың алдын алу, орын алған қылмыстарды жедел ашу, қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша нақты міндеттер жүктелді. Сонымен қатар, қызмет барысында анықталған кемшіліктер талданып, оларды жою жолдары қарастырылып, алдағы кезеңге арналған басым бағыттар белгіленді.

«Ел тілегі» ақпарат

## ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫНДА ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ ЖОҒАРЫЛАДЫ

Қармақшы ауданында 2026 жылдың алғашқы жартыжылдығында әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері бойынша тұрақты өсім сақталды. Бұл туралы облыстық Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен брифингте аудан әкімі Жандос Еркінбек мәлімдеді.

Аудан басшысы өңірде мемлекеттік бағдарламалар мен жоспарланған жобалардың жүйелі жүзеге асырылып жатқанын айтып, барлық негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің оң нәтижемен орындалғанын жеткізді.

«Ауданның әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны жыл сайын артып келеді. Биылғы жылдың алғашқы жартыжылдығында негізгі көрсеткіштердің барлығы бойынша оң нәтижеге қол жеткізілді. Бұл мемлекеттік бағдарламалардың тиімді орындалуы мен атқарылған жұмыстардың нақты нәтижесі», – деді Жандос Еркінбек.

Брифингте ауданның алдағы даму жоспарлары да таныстырылып, өңірдің экономикалық әлеуетін арттыру, бюджет кірістерін көбейту және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған жұмыстардың жалғасатыны айтылды.

Қармақшы ауданында жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бағытындағы жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Биыл аудан бойынша автомобиль жолдарын жаңғырту, көше желілерін жақсарту және тұрғындардың қауіпсіз қозғалысына қолайлы жағдай жасауға бағытталған бірқатар ірі жобалар қолға алынды.

Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында аудан әкімі Жандос Еркінбектің айтуынша, 2026 жылы аудан көлеміндегі автомобиль жолдары, көше жарықтандыру желілері мен жаяу жүргіншілер жолдарын күтіп ұстау жұмыстары тұрақты жүргізілуде.

Бүгінде жалпы бес көшеге күрделі жөндеу жұмыстары жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, облыстық маңызы бар «Жалағаш-Жосалы» автомобиль жолының Қызылтам елді мекені тұсындағы теміржол арқылы өтетін көпірі де күрделі жөндеуден өтуде.

– Жол сапасын жақсарту тұрғындардың өмір сүру сапасын арттырудың маңызды көрсеткіштерінің бірі. Сондықтан ауданның көлік инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары кезең-кезеңімен жалғасады. Алдағы жылдары елді мекендердің ішкі көшелерін жөндеу ауқымы кеңейіп, тұрғындардың қауіпсіз әрі жайлы қатынауына барлық мүмкіндік жасалады. Алдағы жылдарға да ауқымды жоспарлар белгіленген. Демеушілердің қолдауымен 38 көшені жөндеудің жобалық-сметалық құжаттары әзірленіп, қаржыландыру мәселесі шешілгеннен кейін жұмыстар 2026-2028 жылдары кезең-кезеңімен жүзеге асырылады, – деді аудан әкімі Жандос Еркінбек.

Сондай-ақ, Жосалы кентіндегі Мырзағалиева көшесі тұсынан теміржол өткелін салу жобасы бойынша қажетті құжаттар толық рәсімделіп, уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімдері алынған. Қазіргі уақытта жалпы құны 5,5 млрд теңгені құрайтын жобаны қаржыландыру мәселесі қарастырылуда. Жоба жүзеге асқан жағдайда ауданның көлік қатынасы жақсарып, тұрғындардың



қауіпсіздігі мен қозғалыс қолайлылығы арта түседі.

Қармақшы ауданында тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсарту мақсатында инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Табиғи газбен қамту аясын кеңейту мен электр желілерін жаңарту бүгінгі күннің негізгі басымдықтарының бірі. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында аудан әкімі Жандос Еркінбек баяндалды.

Спикердің айтуынша, биыл республикалық бюджеттен бөлінген қаржы есебінен Йіркөл және Төребай би ауылдарына газ тарту жобалары жүзеге асырылуда. Жобалар толық аяқталғаннан кейін аудан халқын табиғи газбен қамту деңгейі қазіргі 74,8 пайыздан 77,3 пайызға дейін өседі.

Сонымен қатар, демеушілердің қолдауымен III Интернационал ауылын газдандыруға арналған жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде. Сондай-ақ Ақтөбе мен Ақжар ауылдарын газдандыру бойынша жобалау жұмыстарын бастау мәселесі пысықталуда.

– Ауданда электр желілерін жаңарту жұмыстары да жоспарлы түрде жүргізілуде. Соңғы екі жылда төрт ауылдық округте электр беру желілері қайта жаңғыртылса, биыл жалпы құны 1,7 млрд теңгені құрайтын тағы төрт ауылдық округтің электр желілерін жаңғыртуға қаржы бөлініп, құрылыс жұмыстарын бастау көзделген. Жоспарға сәйкес, 2028 жылға дейін аудан аумағындағы тозығы жеткен электр желілерінің 90 пайызы кезең-кезеңімен жаңартылып, елді мекендердің инженерлік инфрақұрылымының сенімділігі мен сапасы едәуір жақсарды. Инженерлік инфрақұрылымды дамыту халықтың өмір сүру сапасын арттырудың маңызды бағыттарының бірі. Сондықтан елді мекендерді табиғи газбен қамтамасыз ету және тозығы жеткен инженерлік желілерді жаңғырту жұмыстары кезең-кезеңімен жалғасады. Бұл тұрғындардың тұрмысын жақсартып қана қоймай, өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыруға да ықпал етеді, – деді аудан әкімі Жандос Еркінбек.

«Ел тілегі» ақпарат

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 14 шілдедегі № 1586 қаулысы

## «Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» Қызылорда қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 16 маусымдағы № 1319 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңының 37-бабына, Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына сәйкес, сондай-ақ «Қызылорда қаласының тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 7 шілдедегі № 01-03/1085 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» Қызылорда қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 16 маусымдағы № 1319 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының 1-тармағындағы «4265,0 (төрт мың екі жүз алпыс бес)» деген сандар мен сөздер «3065,0 (үш мың алпыс бес)» деген сандар мен сөздермен, «521,1 (бес жүз жиырма бір бүтін оннан бір)» деген сандар мен сөздер «373,5 (үш жүз жетпіс үш бүтін оннан бес)» деген сандар мен сөздермен ауыстырылсын; аталған қаулының 1-тармағының қосымшасындағы реттік нөмірі 1, 4 қатарлары алынып тасталсын; аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес келесі редакцияда жазылсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылғы 15 қазан болып белгіленсін.

3. Меншік иелері немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушылар жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Ыбырай Жахаев көшесі, № 24, № 14 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданыс.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

Н. Ахатов

Постановление акимата города Кызылорда № 1586 от 14 июля 2026 года

## О внесении изменения в постановление акимата города Кызылорда № 1319 от 16 июня 2026 года «О начале принудительного отчуждения земельных участков или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд»

В соответствии со статьей 37 Закона «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», а также рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Кызылординский городской отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» акимата города Кызылорда № 01-03/1085 от 7 июля 2026 года, акимат города Кызылорда ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Внести в постановление акимата города Кызылорда № 1319 от 16 июня 2026 года «О начале принудительного отчуждения земельных участков или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд», следующие изменения:

в пункте 1 указанного постановления цифры и слова «4265,0 (четыре тысячи двести шестьдесят пять)» заменить цифрами и словами «3065,0 (три тысячи шестьдесят пять)», цифры и слова «521,1 (пятьсот двадцать одна целая одна десятая)» заменить цифрами и словами «373,5 (триста семьдесят три целых пять десятых)»; в приложении к пункту 1 указанного постановления исключить строки с порядковыми номерами 1 и 4;

приложение к указанному постановлению изложить в следующей редакции согласно приложению к настоящему постановлению.

2. Датой принудительного отчуждения определить 15 октября 2026 года.

3. Местом обращения собственников или негосударственных землепользователей определить: город Кызылорда, улица Ибрая Жахаева, № 24, кабинет № 14.

4. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.

5. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.

7. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Аким города Кызылорда

Н. Ахатов

Қызылорда қаласы әкімдігінің  
2026 жылғы «14» шілдедегі №1586 қаулысына қосымша

| №       | Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі | Меншік иесінің немесе жер пайдаланушының аты-жөні           | Жалпы көлемі, шаршы метр | Мемлекет мұқтажы үшін қажетті көлемі, шаршы метр | Нысаналы мақсаты             | құқық түрі             |
|---------|-----------------------------------|-------------------------------------------------------------|--------------------------|--------------------------------------------------|------------------------------|------------------------|
| 1       | 10-156-093-917                    | Сатыбалдиева Гульнара Нурмановна Аскаров Дидар Сражадинович | 1115,0                   | 127,5                                            | жеке тұрғын үй құрылысы үшін | ортақ бірлескен меншік |
| 2       | 10-156-093-927                    | Утегенова Дурия Жалғасбековна                               | 750,0                    | 94,7                                             | жеке тұрғын үй құрылысы үшін | жеке меншік            |
| 3       | 10-156-093-744                    | Бекжанов Жанболат Жолдыяхметович                            | 1200,0                   | 151,3                                            | бағбандық үшін               | жеке меншік            |
| Барлығы |                                   |                                                             | 3065,0                   | 373,5                                            |                              |                        |

Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы

М. Әжібеков

## ЗАУЫТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



Арал қаласында түйе сүтінен құрғақ ұнтақ шығаратын зауыт ашылды.

Салтанатты шарада облыс әкімі бұл бастама өңірдің өндірістік қуатын нығайтуға, әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпал ететінін атап өтті.

«Баршаңызды аймағымыз үшін маңызды жобалардың бірі – түйе сүтінен ұнтақ шығару зауытының ресми ашылуымен құттықтаймын! Бұл өңір экономикасының дамуына тың серпін, еліміздің экспорттық әлеуетін арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуда мол мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Жаңа инвестициялар ең алдымен еліміздегі заманауи өнеркәсіптің негізін қалыптастыруға бағытталуы керек», – деген болатын.

Осы ретте аймағымызда ірі инвестициялық жобалар сәтті жүзеге асуда. Соның бірі - 3 млрд теңгеге салынған «Қазақ Кәмел» компаниясының түйе сүтінен құрғақ ұнтақ дайындау зауыты.

Жалпы, елімізде түйе сүтін өңдейтін кәсіпорындар бар болғанымен, өнеркәсіптік деңгейде құрғақ ұнтақ өндіретін зауыттар өте аз.

Сондықтан бұл - бірегей әрі маңызды бастама», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Жылына шамамен 400 тонна өнім өндірілетін бұл зауытта 23 адам тұрақты жұмыспен қамтылады. Түйе сүтін құрғақ ұнтаққа айналдыру үшін күніне 20 мың литр сүт қажет. Бұл жергілікті тұрғындар үшін тиімді болмақ. Түйе сүтін күнделікті өткізіп, тұрақты табыс табады. Жергілікті өнімге сұранысты арттыру мақсатында келісімшарт жасалып, алдағы 10 жылда Қытай нарығына экспортталады. Мемлекеттік қолдау аясында индустриялық аймақтан 1 гектар жер тегімі берілген. Сондай-ақ «Өнеркәсіпті дамыту қоры» арқылы Қытайдан қажетті технологиялық жабдықтарды сатып алуға 1,8 млрд. теңге қаржы қарастырылды.

Өңірде экономиканы әртараптандыру мақсатында алдағы үш жылда 1 трлн. 900 мырл. теңгеге 48 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 10 мыңнан аса жаңа жұмыс орны ашылмақ. Биыл 100 мырл. теңгеге 21 жоба іске қосылады деп жоспарланған.





13.07-19.07.2026

## Тоқты



Жұмыста жаңа мүмкіндіктер пайда болуы мүмкін. Қаржы мәселесінде асығыс шешім қабылдамаңыз. Демалысқа уақыт бөлген дұрыс.

## Торпақ



Отбасылық қарым-қатынасқа көңіл бөліңіз. Апта ортасында жақсы жаңалық естуіңіз ықтимал. Денсаулыққа назар аударыңыз.

## Егіздер



Қарым-қатынас пен келіссөздер үшін қолайлы кезең. Жаңа таныстықтар болашағыңызға әсер етуі мүмкін.

## Шаян




Қаржылық жоспарларды қайта қарауға қолайлы уақыт. Сабыр сақтасаңыз, қиындықтарды оңай еңсересіз.

## Арыстан



Өзіңізді көрсетуге мүмкіндік көп болады. Бастамаларыңыз қолдау табуы мүмкін, бірақ артық тәуекелден сақ болыңыз.

## Бикеш



Ұсақ-түйекке алаңдамай, негізгі мақсатқа назар аударыңыз. Апта соңында жақсы нәтижелерге қол жеткізуіңіз мүмкін.

## Таразы




Серіктестік пен махаббат саласында үйлесім артады. Қаржыға қатысты шығындарды бақылауда ұстаңыз.

## Сарышаян



Еңбекқорлығыңыздың жемісін көретін апта. Эмоциямен емес, ақылмен әрекет еткен жөн.

## Мерген




Сапарлар мен білім алуға қолайлы уақыт. Шығармашылық идеяларыңыз табыс әкелуі мүмкін.

## Тауешкі



Жауапкершілік артатын кезең. Ұзақ мерзімді жоспарларға көңіл бөлсеңіз, нәтижесі жақсы болады.

## Сукұйғыш



Достар мен әріптестердің қолдауын сезінесіз. Жаңа жобаларды бастауға қолайлы уақыт.

## Балықтар



Ішкі түйсігіңізге сеніңіз. Демалыс пен жұмыс арасындағы тепе-теңдікті сақтауға тырысыңыз.



## Шабадалы

Қаладағы Жаңабазарға жақын, Қ.Баймағанбетов көшесінде, жер үйде тұрамыз. Шағын ғана, түйік көше. Жұмыстан ертерек үйге келсем, апам(анамыз Төлеу Төремұрат қызы 1925-2014) өзінің шағын бөлмесінде дастарқан жасап күтіп отыр екен.

- Айналайын, кел, шәй ішіп ал! -деп, жатыр. Жуынып-шөйніп дастархан басына жайғастым. Дастарханда күнделікті ас-аухатымыздан бөлек, жұдырық басына жақын төрт шабдалы тұр. Өте әдемі, көздің жауын алады. Алыстан келген дәм болса керек. Қалай соғылмай, бұзылмай жеткенін?! Бақтан жаңа үзгендей, қызыл-сары реңі еріксіз көзді арбайды...

Апам да ақ шөйнегін әкеліп дастархан басына жайғасты. Бұл кісінің "зейнетақысы" келсе базарды бір айналып, немерелеріне дейін керек жарағын алып шығатынын білемін. Оның жарысын тиын күйінде майдалап, мәсісінің қонышында былғарыдан тіккен қара әмиянына сақтап, Алланың берген оншақты немерелеріне соны, айдың аяғына дейін жеткізеді. Тұрақты алымшылары, Қазбек(жиен), Зейнолла т.б. Бастауыш сыныптағы Ғайолла деген баламыз: "Біздің, әжемнің ақшасы өмірі таусылмайды-ау!" -деп, тамсанып қояды.

Апам қаймақтап шәй құя бастады.

Әңгімемі өзім бастадым:

- Апа, дастарханыңыз түрленіп кетіпті, мына жемісіңіздің аты не? -деп жатырмын. Апам, өзіне тән әдемі күлкісімен:

- Ал, енді бала, осы "шабдалының" әңгімесін айтайын деп, өзіңді күтіп отырмын. Бұл, бір жатқан "оқиға" -деп, апам көңілденіп әңгімесін бастап кетті:

- Базарды аралап, жеміс-жидек сағатын жағын жағалап келе жатсам, біздің ізімді қуып жүрген бір келісті әйел, үнемі осы шабдалыны сатып тұртынын көруші едім, бүгін де орнында екен. "Алмасжан аузының дәмін алсын" - деген оймен, әлгі әйелге сөз басы болсын деп:

- Ау, замандас өзбекке тиіп алғаннан сауымысың? Шабдалы қаншадан? -демеймін ба?

Ол:

- Оның жәйін білмек болсаңыз, бері келіп шәй ішіңіз, айтып берейін-деді. Хан базардың ортасы. Менің де асығыс жұмысым шамалы, айтқанына көніп, ықыласын қайтармадым. Орнына қасындағы қызды қойды да, барын алдыма жайып, шәйді қоюлап құйып:

- Ал, енді тыңдай беріңіз -деп, әңгімесін бастады:

- Құдай басыма бір қыз беріп, соны оқытамын деп Алматыға тасыдым. Ол, КАЗГУ-дың Юрфагине түсті. Өкесі зангер еді, қайтыс болып кеткен. Өкемнің жолын жалғаймын деп жүргені. "Ал, болсын!" -деп, қатарынан қалдырмай, кешегі 90-шы жылдың қиын-қыстауында, жинаған бар қорымды сол қыздың оқуына, жүріс-тұрысына жұмсап болдым. Өзі ерке-шолжаңдау не киім,

не ішем? - демей өскен қыз, мені аяған жоқ. Мен де тартынбадым. Өкесі болса, өлді. Осы, қыздан басқа кімім бар?! Тәуекел! Қатарынан қалмасын, "әкем болғанда ғой" -деп көңіліне алмасын. Қолына дипломын алып қызметіне тұрып, теңін тауып ел болып кетсе болар - деп, жүрмін. Облыстағы әкесінің заң орындарындағы достары да қуанып, тәжірибесін өздерінде өткеріп, болашақ орнын да дайындап көмектесіп жатыр. Көз көрген жандар. Әйелдер жағы: "Динара сұлу болып, бой жетті. Өзі ақылды. Оқиды-тоқиды, бізде де ұл бар, құда түсеміз" -деп жатыр.

Оларға:

- Тапқаным жалғыз қыз, қай бұйырғаның алыңдар-деп, күліп қоямын. Айтып жүрген балалары да алтын асықтай. Оқыған, қызметтері бар, өзіміздің қолымызда өскен жастар. Келген сайын ол жаңалықты да айтып, құлағына салып отырамын. Сонымен қыз оқуын бітіріп, иығымнан ауыр жүк түскендей күй кештім. Оқуды "қызыл дипломмен" бітірді. Алматыдан келетін мезгілі жақындаған сайын, бұрынғы шаршағандарым бір күнгідей болмай, қуаңғанымнан "келгесін ағайынның басын қосып әкесіне құран оқытып, үлкендердің батасын алып берейін" -деп, сойсы малыма дейін дайындап күтіп отырмын. Қыздың келетін уақытты өтті. Хат жоқ, хабар жоқ. Бұл қызға не болды? Әлі ме, тірі ме? -деп, отырғанда почтамен хат келді. Бір сұмдықты сезіп, хатты жалма-жан ашып оқысам, болды. Қыз байға кетіпті. "Біз, Сайд екеуміз ... Ташкен..." - соны-ақ оқыдым, құлағым гүңгірлеп, басым айналды... Есімді жисам, қасымда ақ қалатты жедел жәрдемнің қыздары отыр. Үйде оқып жатқан ағайынның екі қызы бар еді, солар шақыртып, жаным қалған екен.

Олар:

- Апа, қатты уайымнан болған. Тынығыңыз. Укол салдық. Қан қысымыңыз көтерілген-деп, жатыр.

Оларға:

- Рахмет айналайандар! Мен де, бір қыздың күйігінен өртеніп жатырмын. Ол, бетпақты ма!? Осыдан тұрайын, сосын болсын жұмысым. Есімді жинап тұрып, әлгі хатты қайта оқыдым. "Мама, Сіздің келісім бермейтініңізді білдім. Ол, өзбек жігіті..." Одан әрі тағы да оқи алмай көзімнен жас кете берді.

- Алда ғана, бетпақ-ай! Айдалада өзбекке тигені несі?! Ағайын-тумаға не бетімді айтамын?! Қызымның шынымен басында торғайдың мындай ақыл жоқ қыз екенін енді түсіндім. Екі көзім төрт болып жолына қарап отырғандағы сыйы осы ма?! Ашуым келгеннен, үйдегі қыздың біреуін қасыма ертіп, сол күні поезды мініп, ертеңіне таңертен Ташкеннен бір-ақ шықтым. "Шашынан сүйреп алып келейін. Байсыз кетсе де" -деп, белді будым. Қолымда мекен-жайы бар. Бостандық ауданының колхозының, бір бөлімшесі екен. Күйік пен ашудан көзіме ештеңе көрініп келе

жатқан жоқ. Ол қызды "дуалаған", болмаса қорқытып алып кеткен. Таксимен бөлімшеге келдім. Бөлімшенің басшысы отыратын жерді тауып, ішіне кірсем жас жігіт отыр екен. Ұшып тұрып сәлем беріп жатыр. Сәлемін не қылайын. Қолымдағы хаттың ішіндегі:

- Сайд деген "өзбек" осы бөлімшеде тұра ма?

Тұрса үйі қайда, көрсет! -дедім. Ол бала дереу телефонға жармасып: "Мехмандар келді" - деп, біреуді шақырды. Кешікпей машиненен жігіт ағасы болған өзбек келіп, сәлемдесіп столға жайғасты. Сол бөлімшенің бастығы екен. Оған да, келген шаруамды айттым. Ол жігіт, өзбекшелеп әңгімеге тартты:

- Сіз, Қазақстаннан келдіңіз бе? Сіз, Ишон бобоның құдағайы боларсыз? - деп, келе жатыр еді:

- Әй, ишан, шиканыңда шаруам жоқ. Мен қызымды іздеп келе жатырмын. Қызымды "дуалап" алып кеткен. Мен де, прокурордың қатынымын. Ертең бәрің де, заң алдында жауап бересіңдер! -деп, тепсініп тұрмын.

Одан әрі әңгімеден ештеңе шықпайтынын білген ол, далаға шығып мініп келген көне машинесінің шопырына тапсырма беріп, бізді мінгізіп жіберді. Ол жүргізуші, бізді мінгізіп жолды-жолсызбен ауыл аралатып, елдің шетіне шыға келді. Одан:

- Әй, баратын үй қайда? -десем;

- Болады, болады-деп, ауылдан шығып, қара жолмен біраз жүріп бір жарманың(канал) басына келіп тоқтады. Айнала, мақта егіп тастаған. Шопыр түсіп қолымнан сілтеп:

- Анау, бір шақырым жердегі бауды көрдіңіз бе? Сіз, іздеп келе жатқан Ишон бабаның үйі сол. Сайыт, сол атаның баласы. Ол жерге көлік бармайды. Мына жарманың басымен жаяу барасыздар-деп, түсіндіріп, машинасына мініп кетіп қалды. Аспан қайнап жерге түскендей, күннің аптап ыстығы болса мынау.

- Мына қыздың берген азабын-ай! Осыдан тірі болсаң көрермін...

Каналды жағалап келе жатсақ, алдымыздан он-он бір жасар бала қарсы жүгіріп келе жатыр. Ол бала бізге:

- Пахтаға су кетіп жатыр, бұл жолмен өте алмайсыздар - деп, орта жолдан кері қайырып, бағанағы жеріміден каналдың екінші бетіне шығарды. "Бір қыздың қырсығы, қырық қашығра жүк болды" -деген. Қырсыққан қыздың жолы қайдан болсын? Бала алдымызға түсіп алып, жүгіре басып келеді. Үйінің тұсына жеткенімизде, каналға екі бөреннен көпір салып қойыпты. "Өлетін жерге енді келдік. Мына қыз бізді каналдың суына ағызып құртайын деген шығар". Қасымдағы қызға от десем, ол өтпейді. Бала әрі-бері өтіп, "өтіп-өтіп" де жүр. Зорға өтіп үйіне қарай бұрылды. Теректің ортасында жалғаз үйі. Тамды соқтан құйған. Қорасы бар. Оның ішінде арық үш баспақ тұр. Үйдің айналасы көлкіген арық, атыз, су. Есікке жақындағанда іштен қызым ақылға. Үстіңде өзбек көйлек, басында маңдайынан тартып, желкесіне түйіп байлаған ормам.

- Ойүбөей, сорла-ай! Таза сорлаған екенсің! Мына қызды таза "дуалаған". Қызым мені көріп, жақын келіп:

- Мама! -дегені сол, көктікті қойсай!? Басындағы орамалын жұлып алып, жағынан салып-салып жібердім. Қызым,кейін шегініп тұрып қалды. Одан әрі, бар ашуым ақтарылып, айтпаған сөзім қалмады: "Неден кемдік көрдің?", "Алты жыл Алматыға арқаланып оқытқандағы сыйың осы ма?", "Қазақтан бай табылмайды ма?", "Жинал менімен кетесің!" -дегенде, қызым:

- Мені, алып кетемін деп әуре болмаңыз. Біз, Сайд екеуміз осылай шештік. Сайд, осы үйдің үлкені. Ол, осы колхоздың жолдамасымен СХИ-дың Агрофагын бітірді. Қазір бұл үйдің барлық адамы мақтада, жұмыста. Кешке келеді. Енді, ашуыңызды басып, жолдан келдіңіз жуынып-шөйніп үйге кіріп, демалыңыз-демесі ма!? "Белге соққан жыландай" дәрменін кетіп, көлденен жатқан ағаштың кеслегіне отыра кеттім. "Ойбұйй балам-ай! Барлығын өзі, өлшеп-пішіп қойған екен ғой! Қап, бұнықты білгенде Қызылордаға ғана оқытып, сол жерге байға беретін едім!? Сенен прокурор, сот шығады деп жүрген мен ақымақ". Мақтаның ортасындағы жалғыз үйде, жалғыз өзім бүлініп жатырмын. "Қой" дейтін, қызымнан басқа пенде жоқ. Бағанағы бізді әкелген он жасар бала, есіктен ауық-ауық сығалап қарап қояды. "Топыраққа от қойып ба?", орнымнан тұрып қыздың ізіне еріп, үйге кірдім. Төрт бөлмелі үйдің кіреберіс оң жақ бөлмесінде, тапшаңға қойылған ас ішетін жайына орналастық. Қыз, сол үйінен біте қайнаскандай қарама-қарсы ас бөлмесінде қолы-қолына жұқпай, өз жұмысына кірісті.

АЛМАС АЛМАТОВ.

(жалғасы келесі санда)

## Ішек – құрт аурулары

**Ішек құрттары немесе гельминттер** (энтеробиоз, гименолепидоз, аскаридоз және т.б.) басқа тірі организмінде тіршілік етуге бейімделген. Адам организмінде тіршілік ете алатын құрттардың табиғатта 100 – ден астам түрі кездеседі. Олар адамның тік ішегінде ғана емес, сондай – ақ оның түрлі органдарында (мида, бауырда, көзде және т.б.) мекендей алады. Ең көп таралғаны – домалақ құрттар, олардың ішінде көбінесе аскаридалар. Бір қарағанда ұсақ паразиттер қауіпсіз көрінгенмен, ағзаны улайтыны ете болсын. Әсіресе, олар саби ағзасына тез еніп, адам денсаулығына, кері әсерін тигізеді.

Адам ағзасына бұл құрттар қалай түседі? «Ауру - астан», деген сөз тегін айтылмаған. Адам ауруды өзі жейтін тағамдардан табатыны әлдеқашан

дәлелденген, құрттар да ағзаға тамақ арқылы түседі. Ағзаға түскен құрттар сол ағза есебінен қоректенеді. Ондағы ақуыз, микроэлементтер мен дәрумендер арқылы қоректенеді. Осының салдарынан ағзада зағ алмасу жұмысы бұзылып, дәрумендер тапшылығы орын алғандықтан адам азыққа алып келеді. Құрттардың негізгі қауіптілігі аллергия шақырып, имунитетті төмендетеді.

Жұту жолдарына тоқталсақ, острица жұмыртқалары нәжіс арқылы сыртқа шығып, қоршаған органы ластанды, яғни киім – кешекті, ойыншықтарды, ыдыс – аяқты, есік тұтқаларын және парталарды. Ойнау, тамақ ішу, сабақ оқу барысында жеке бас гигиенасын сақтамағандықтан балалар энтеробиоз ауруына шалдығады.

Алдын алу үшін келесі кеңестерді ұсынамыз: -Мектептер мен балабақшаларда санитариялық және дезинфекциялық ережелерді қатаң сақтау;

-Балалардың жеке бас гигиенасын сақтау, қолды сабынмен тазалап жуу;

Жеміс – жидектерді мұқият жуу, қайнатылмаған су ішеу;

-Тырнақты уақытылы алу;

-Төсеніштерді, ішкі киімдерді уақытылы ауыстыру, өтекпен басу;

-Қолдануға рұқсат етілген, жууға жеңіл материалдардан дайындалған ойыншықтарды пайдалану, ойыншықтарды сабынды ыстық сумен күніне бір реттен сиретпей жуу;

-Жұмсақ ойыншықтарды шаңнан күн сайын тазарту және ашық ауада желдету.

- Егер балада мазасыздық, ұйқысыздық, оқу қабілетінің төмендегі байқалса міндетті түрде дәрігерге қаралып, емі дәрігердің бақылауымен жүргізілуі тиістігін назарға алғандарыңыз абзал!

**Р.БИМАҒАМБЕТОВ,**  
Сырларға аудандық СЭБ басқармасының бас маманы

Меншік иесі:  
**«Сан-Ай» пресс ЖШС**  
Директор-Бас редактор  
**Егиншибаева Анар**  
**Жақсыбекқызы**

Ақылдастар алқасы:  
Әбілбай Садықбаев  
Рысбай Кәрімов

Жауапты хатшы  
**Зибаш ӘЛИ**  
8 705 982 76 61

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында есепке алу туралы номері KZ 53VPY00123138 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті КР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифици атталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

**Редакцияның мекен-жайы:**  
**Тоқмағанбетов**  
көшесі 36 а,  
1 қабат 4 кабинет  
Телефон:  
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62  
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты  
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды  
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді  
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

**Таралымы 6500 дана**  
**Индекс 66503**  
**Тапсырыс №155**  
**E-mail: gazeta\_eltilegi@mail.ru**  
**Электронды нұсқасы:**  
**https:// ret-gazeta.kz/**